



ТӘЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ТӘЛІМДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Данярова Айнур Аманбай қызы,
Әжинияз атындағы НМПИ ның
Бастауыш тәлім бағдары 1-курс студенті.

Аннотация: бұл мақалада тәлімнің келіп шығуы, қалыптасу негіздері қазіргі замандағы инновация сөзінің шығу тарихы және тәлімдегі инновацияның орны мен мәні жөнінде сөз жүрітілген.

Тірек сөздер: Тәлім, тәрбие, инновация, новация, стандарт, метод, субъект, прогресс.

Тәлім-адамзат дамуының алғашқы кездерінен-ақ үлкен рөлге ие болған. Мектеп тарихына үнілер болсақ, оны ұйымдастыру түрліше жүзеге асқан. Тәлімді ұйымдастыру белгілі бір әлеуметтік түзімге сай тәрізде қалыптасқан. Үздіксіз дамыған қоғамда тәлім күннен-күнге өсіп, заманауиласып бару үстінде. Әрі өзінің сабақ көріністерін де жаңалау жолында. Ең алғаш мектеп яғни, сынып-сабақ жүйесін ұллы шех педагогы Ион Амос Коменский жаратады. Коменскийдің бұл жаратуы біршама қарсылыққа ұшырауына қарамастан батыс елдеріне тез де таралды. Батыс елдері дәл осы тәлім арқылы жұмыс алып барды. Сынып-сабақ кестесі тек Орталық Азиядағы ескі мұсылман мемлекеттерінде ғана қолданылмаған. Оларда 1917-жылға дейін ескі тізім жалғасып келген. Бұл мектептерде алты жастан он алты жасқа дейінгі балалар бір бөлмеде, бір уақытта білім алған. Сол себептерден балалардың білу дәрежелері сан қилы болып келген. Осындай түрліше білімдер әсерінен сынып-сабақ жүйесі ұйымдастырылды.

Мектеп жүйесінде сынып және сабақ өзінің жоғары мәніне ие. Сынып дегеніміз -жасы мен білім дәрежесі бірдей болған оқушылар топары. Ал сабақ-ұстаздардың оқушылармен бірге жұмыс алып баруы. Қазіргі күнде мемлекетімізде қолданылатын сынып -сабақ жүйесі төмендегі көріністерде алып барылады; әр қайсы сынып жасы мен біліміне қарай үнемі бір топтарға ие болады. Сабақ жұмысы қырық бес минутты құрайды. Ендіше, тәлім дегенге толық тоқталар болсақ ол-оқушыларға негізгі білімдерді беру сатысында практикалық біліктілікті қалыптастырып, білу қабілетін асыру және дүниеқарастарын тәрбиелеуге жөнелген кезең.[2] Солай екен, тәлім- тұлға үшін, тұлға санасының жетілуі үшін маңызды дүние. Әлемдегі барша елдер міне, осы білім үшін қызмет етеді. Өзбекстан Республикасы да бұндай дәлелдеулерден алыс емес. Оған мысал 2020-жылы 23-қыркүйекте қабыл етілген “Тәлім жайында”ғы заң. Заң 11 бөлім 75 баптан тұрады. 1 бөлім 4 бап тәлім принциптерінен құралған;

- тәлім алу көрінісін таңдау еркіндігі;
- тәлім алуға деген мүмкіндіктердің камтамасыз етілуі;



- тәлім мен тәрбиенің ажырамас қатынасы;
- тәлім мен тәрбиенің адамгершілікке баулу қасиеттері;
- мемлекеттік тәлім стандарты және мемлекет тәлім талаптары негізінде тәлім алудың барша үшін ашықтығы.[1]

Бүгінгі дәуір тәлім прогресс жөнелісі-инновацион белсенділікті алып шықты. ”Инновацион термині” және оған тән болған түсініктер жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарында Батыс Еуропа мен АҚШ да пайда болған. Алғашқы инновацион пікірлер Ф.Н.Гоноболін, С.М.Годнин, Н.В.Кузмина шығармаларында ұшыраған. Бұл жұмыстарда инновация кең педагогик тәжірибелер негізінде жаратылған. Х.Варнет, Вассет, Гамильтон ойларында осы теорияның тәлімдегі өзгерістері, мәселелері көрсетілген.[6] Инновация ағылшын тілінен алынған болып, “жаңалық кіріту, жаңадан істеп шығу” дегенді аңдатады. Демек, инновация жаңа білімдер, жаңа технологиялар. Бұл дегені техника мен технология ұрпақтарын алмастыруды көздейтін, экономикаға кеткен қаржы. Инновация көріністері төмендегіше;

- жаңа идеялар;
- тізімді өзгертуге қаратылған мақсаттар.

Бұдан тысқары, инновация педагогик ғылымдардың жылдар кезеңінде тәлім тізімінде;

Неге оқытамыз?

Не үшін оқытамыз?

Қалай оқытамыз? деген сұрағына толыққанды жауап бере алды. Инновация түсінігі арқасында новация ұғымы келіп шықты. Новация ағылшын тілінен “жаңалану, жаңа” дегенді білдіреді. Міне, бұл екі сөз бір-біріне ұқсас, жақын болғанымен айырмашылығы жетерлі.

Инновация мен новацияның айырмашылығы;

Инновация	Новация
1.Субъектілердің жұмысына қарай бақыланады.	1.Амалдағы теория шеңберінде пайдаланылады.
2.Жаңа технологиялар жаратады.	2.Көлемі мен уақыты шектелген.
3.Тізімді және де үздіксіз болады.	3.Методтар жаңаланады.

Инновацион тәлім термині бірінші болып, 1979-жылы Рим клубында қолданыс тапқан. Ал педогогик инновацион Шығыста елуінші жылдар соңынан бастап, біздің мемлекетімізде кейінгі он жылдықтан зерттеле бастады.[5] Жиырма бірінші ғасыр ақпарат-кең дамыған ғасыр деп жүрітіліп жатқаны мәлім. Дәл осы заманда инновацияны толық қанат жайдыру мәселесіне назар аудару күшейтілді.



Біздің елімізде де соңғы жылдарда бұл сөз алғашқылардан болып тәлім тізіміне кіріп келді және инновацияның қандай орны бар екенін көрсетті. Педагогик пәндер тізіміне инновацияның кіріп келуі 1)гендер педагогикасы 2)андрогогик педогогика секілді пәндердің кіріп келуімен белгіленді. Оқыту тізіміндегі педагогикаға;

-Тәлім мазмұнына инновация дәстүрлі, дәстүрлі емес және арақашықтық білімдендірудің кіріп келуі мен түсіндіріледі;

-Дәріс түріндегі инновация стандарт, стандарт емес, вертуаль дәріс мысалында көрінеді;

-Стандарт дәріс-сабақ ішінде структура өзгермейді;

-Стандарт емес дәріс-сабақ ішінде структура өзгереді;

-Вертуаль дәріс-арақашықтықтан оқыту.

-Оқыту түріндегі инновация евристик тәлім, интер белсенді тәлім, информал тәлім түрлері мен белгіленеді;

-Оқыту құралдарындағы жаңалықтарға сабақтарда мультимедиа, электрон доскалардан пайдалануда көрініс табады;

-Оқыту методындағы жаңалану 1)актив-белсенді метод 2)пассив-төменгі метод 3)интерактив метод сияқтыларды жатқызамыз.

-Актив метод-сабақ барысында белсенді, белгілі оқиғаға пікір жүрітеді;

-Пассив метод-сабақ барысында структура үйреніліп жатқан тақырып бойынша түсіндіреді;

-Интерактив метод-мақсаты оқытушы мен оқушыға іс-әрекеттер береді.[6]

Бүгінгі таңда тәлім кезеңінде инновацион технологиялар, педагогик және ақпарат технологияларын оқу барысында қолдануға болған қызығу, назар күннен -күнге күшейіп баруда. Өйткені, осы уақытқа дейін дәстүрлі білім оқшыларға дайын тәлімге жетелеген болса, заманауи технологиялар оларды өз бетінше ізденуге, еркін пікірлеуге, қосымша білім зерттеуге және де қорытындыны да өзі шығаруға үйретеді. Оқытушы бұл басқышта тұлғаға білім меңгеруде мүмкіндіктер жаратады. Заманауи тәлім де сол секілді артықша күш жұмсамай қысқа уақыт ішінде жетістікке жетуді көздейді. Бұдан тысқары инновациядағы тәлім кезеңін көрсетіп береді.

Тәлім кезеңдері;

1.Тәлімнің мақсаты	2.Тәлімнің мазмұны
3.Тәлім нәтижелері	4.Тәлім методтары
5.Тәлім құрылысы	6.Мониторинг

Отанымыздағы инновациялық даму стратегиясы мен механизмдері, осы мемлекетте жаратылған интеллектуал және ғылыми-техникалық ұқыптылықтан



қаншалықты нәтижелі пайдалану мен тығыз байланысты. Қазіргі кезде елімізде үш жүзден астам ғылыми-зерттеу мекемелері, жоғары оқу орындары, кіші жаңа орайлар мен басқа ғылыми-техникалық бірігулер өз жұмысын алып барады.[4]

Қорытынды жасай отырып, елімізде дені сау, еркін ұрпақты тәрбиелеуде ерекше орын тұтатын тәлім-тәрбие саласындағы істер көлемі артып баруда. Бұл орайда 229 жалпы орта тәлім мектептері, әрі кәсіп-өнер колледждері, балалар спорт орайындағы өзгерістер жатады. Жоғарыдағы себептердің бәрі тәлімдегі инновация арқылы жүзеге асуда. Көріп тұрғанымыздай жаңалану түсінігі өзінің орнын нықтап қадау және дамыту мен шектеліп жатқан жоқ. Керісінше, технологиялар санын асырып, білімді толығымен заман талабына сай тәрізде қалыптасытырып, өзінің күшін кең жаюда.[3]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өзбекстан Республикасының “Тәлім жайында”ғы 637-санды заңы.
2. В.В.Мамуров Umumiy pedagogika “Durdona”nashriyoti Buxoro-2020.
3. Sh.Mirziyoyev Buyuk kelajagimizni mard va olijanov xalqimiz bilan birga quramiz “Òzbekiston” NMIU,2017.
4. Ш.Мирзиёев Жаңа Өзбекстан рауажланыу стратегиясы “Òzbekiston”Toshkent-2022.
5. <http://www.myshared.ru/slide/1449>.
6. <http://akademiyafvv.uz/post/luighghfgncghc>.